



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 26 наурыз жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
иригация министрі
Н.М. Нұржігітовке**

**Атырау облысының әкімі
С.Ж. Шәпкеновке**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Нұржан Молдиярұлы!

Депутаттық сауалым Атырау облысының Исатай ауданында орналасқан Бақсай, Нарын және Сборный суару арналарының техникалық жағдайын жақсарту және суармалы егіншілікті дамыту қажеттілігіне байланысты жолданып отыр.

Облыс аумағында 3,2 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлері бар. Алайда нақты пайдаланылып жатқан суармалы жер көлемі небәрі 5 321 гектарды құрайды, бұл жалпы әлеуеттің 33 пайызынан төмен.

Негізгі себеп — су шаруашылығы инфрақұрылымының тозуы, су арналарындағы өткізгіштік қабілеттің төмендеуі, механикалық тазарту жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілмеуі, автоматтандыру деңгейінің төмендігі және білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Бұл мәселелер судың мақсатты тұтынушыға жетпей, ысырап болуына әкеліп соқтыруда.

Атап айтқанда, аталған су арналары тереңдету, түбін тазарту, жағалауларын нығайту, су реттегіш құрылғыларын жаңарту және күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді, лай, балдыр, қамыс пен басқа бөгеттердің жиналуы нәтижесінде су айналымы бұзылып, ауыл шаруашылығы жерлерін сумен қамту мүмкіндігі шектеліп отыр. Бұл жағдай Аққыстау, Жанбай, Зинеден және басқа да ауылдардағы егіншілік пен мал шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізуде.

Аталған су арналары осы өңірлердің әлеуметтік-экономикалық өмірінің өзегі болып табылады. Уақытылы шешім қабылданбаса, бұл мәселе ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайының нашарлауына және көші-қон үдерісінің күшеюіне себеп болуы мүмкін.

Осыған байланысты төмендегідей нақты шараларды іске асыруды ұсынамыз:

1. Суармалы арналарды қалпына келтіру бойынша кешенді техникалық-экономикалық негіздеме дайындау;
2. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолдана отырып, су үнемдеу технологияларын (тамшылатып және жаңбырлатып суару) енгізу;
3. Қосымша су жинақтаушы қоймаларды салу және су тасқыны кезінде суды тиімді пайдалану жүйесін құру;
4. Су арналарының бойындағы инженерлік инфрақұрылымды цифрландыру және автоматтандыру;
5. Су шаруашылығы саласындағы кадрлық әлеуетті арттыру және мамандар даярлау жүйесін жетілдіру.

Құрметті Серік Жамбылұлы!

Айта кету керек, өңірдегі ауылдық жерлерде барлық әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы тиісті деңгейде жасалған, болған мәселелер кезегімен өз шешімін тауып жатыр.

Дегенмен де, Исатай ауданына қарасты шалғай жатқан Қызыл үй және Жасқайрат елді мекендері тұрғындарының осы ауылдарға баратын жолдың жағдайына және халыққа уақытылы медициналық жедел жәрдем көрсетуге қатысты көтеріп жатқан мәселелері бар.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды қарастырып шешуді ұсынамыз:

1. Исатай ауданынан Қызыл үй және Жасқайрат ауылдарына баратын ауыларалық автомобиль жолдарын салуды қолға алу;
2. Қызыл үй және Жасқайрат ауылдары тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін арнайы жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз ету.

Осы, аталған шаралар ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, су ресурстарын тиімді пайдалануға және ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Құрметпен,

**Аграрлық мәселелер комитеті
мүшелері**

**Мәмбетов Е.Н.
Әлішев К.К.
Әшімбетов Н.К.
Әлтай А.Д.
Дайрабаев Ж.М.**

**Казанцев П.О.
Қасқарауов Д.А.
Сұңқар И.Е.
Қожаназаров А.А.**

**«Ауыл» партиясы»
фракциясының депутаттары**

**Абден Қ.Ж.
Арсютин Н.Г.
Баққожаев А.А.
Зейнуллин А.Т.
Саурықов Е.Б.
Серіков Т.Ғ.**

**«Аманат» партиясы
фракциясының мүшесі**

Д.Т. Тұрғанов

**«Ақ жол» ҚДП
фракциясының мүшесі**

С.С. Ерубаев